

НАЦИСТИК ГЕРМАНИЯНЫҢ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ҚОҒАМДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

*Исова Л.Т.¹

*¹Т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті,
Қазақстан, Алматы қ., е-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада нацистік Германияның әскери тұтқындарға қатысты саясатында кеңес қоғамдағы ұлттық қарама-қайшылық мәселесі қаралады. Аталмыш тақырып 1939-1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да еуропалық елдерде, Түркістан легионында болған қазақстандық әскери тұтқындар мәселесіне қатысты зерттеу циклы негізінде жүргізілуде.

Қазақстандағы мұрағаттардан алынған және аса құпиялығы әлі де сақталған құжаттарда айғақталатын және екінші дүние жүзілік соғыстағы кеңестік тұтқындарға қатысты нацистік неміс саясатының сол кезеңдегі кеңестік қоғамда қалыптасқан ұлттар мәселесіне негізделі жүргізілгенін айқындайды. Германиядан репатриациялаған және әскери тұтқын болған бұрынғы КСРО азаматтарына қатысты құжаттарда «Түркістан ұлттық легионымен» қатар, «Абвергруппа», «Зондерлагерь», «Солтүстік Кавказ легионы», «Большевизмге қарсы күрескерлер Одағы» секілді неміс тұтқындар лагерлерінің ұлттық құрылымдарынан келгендерге қатысты істер жеткілікті. Аталмыш құжаттар мазмұны кеңестік қоғамдағы ұлттық қарама-қайшылық үрдісін және әскери тұтқындардың саяси статусына сай қолданылған нацистік Германия саясатын негіздейді.

Тірек сөздер: әскери тұтқындар, соғыс, конвенция, нацистік идеология, легион, ұлттық комитет, ұлттық қарама-қайшылық.

Негізгі ережелер

Халықаралық қатынастар тарихында өткен ХХ ғасырдың ең маңызды оқиғасы және әлемдік жүйенің қазіргі тәртібінің сипаты негізделген екінші дүние жүзілік соғыс мәселелерін, соғыстың бүгінгі геосаясатта әлі де ықпалды тұстарын зерттеп, сараптаудың өзектілігі қашанда күрделі. Әсіресе, осы соғыста Кеңестер Одағы құрамында болып, қан майданда тағдырлары тәлкек болған қазақстандық жауынгерлердің әскери тұтқынға айналуы және әлі күнге дейін оларды тарих тезі мен кеңестік саясат беттерінен біржолата нақтылап бағалау аса маңызды. Тіпті, соғыстың шығуына себепкер болған фашистік Германия геосаясатының құпия беттерімен байланысты беймәлім және жасырын болып келген ақпараттарды жария ету мәселесі тағы бар.

Кіріспе

Соғыстар тарихы және оның халықаралық сипатының дипломатиялық мазмұны мәселенің гуманитарлық жағын алға тарта, аса назарға ілігуі керек әскери тұтқындарға қатысты бағдарында кешенді қараудың ғылыми бағамдалуының сұранысын жаңартып отырады. Әскери тұтқындардың тарихи

Отандарына оралу үдерісі, оларды сот алдындағы жауапкершілікке тарту және жазалау, одан кейінгі уақыт, заман өзгерісіне сай жаңарған мемлекеттер саясатындағы бетбұрыстарға сәйкес ақтап алу секілді жағдайлардың орын алуы соғысқа қатысқан мемлекеттердің саяси өмірінде әлі күнге дейін жалғасып тауып жатқан саяси-идеологиялық сипатта.

Осы орайда, ҚР Президенті Қ-Ж. К.Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан кейінгі кеңестік соқыр саясат жылдары тарихи ақтаңдақтары толық ашылмаған, зерттелуі толық қарқын алмаған қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жұмыстары қайтадан қолға алынған тұста, мемлекет басшысының 2020 жылдың 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия туралы» №456 жарлығы жария болып, Отандық тарихтың дүние жүзі тарихымен байланысты беттеріне қатысты саясатты қайтадан түгендеу шаралары да қолға алынған еді. Мемлекеттік маңызды қалалар, облыстар, республика деңгейінде құрылып жұмыс істеуге кіріскен комиссиялар құрамына елдегі білікті тарихшы, халықаралық қатынас танушы, саясаттанушы ғалымдар тартылды. Олар екі жыл көлемінде ҚР Президенті мұрағаты, Орталық Мемлекеттік және қалалық, облыстық, аудандық мұрағаттарында, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті, Прокуратурасы және Полиция Департаменті Арнайы мұрағаттарындағы аса құпия құжаттарды уақыт талабы деңгейінде сай зерттеуде. Мұрағаттардағы «сатқын» статусы алынбаған әскери тұтқындарға қатысты жеке істерді, әлі де ашық жария етуге рұқсат етілмеген. Қаралған жеке істер заңгерлердің сараптауына ұсынылды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік шаралар барысында, Алматы қаласы бойынша құрылған 1939-1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да еуропалық елдерде, Түркістан легионында тұтқында болған қазақстандық әскери тұтқындар мәселесін зерттейтін мемлекеттік комиссия тобы зерттеу жұмысын жүргізуде.

Аталмыш топтың мұрағаттардағы әскери тұтқындарға қатысты деректерді анықтауы барысындағы зерттеу жұмыстары және дерек қорларының әлі де болса құпиялығы төңірегіндегі жұмыстардың жүргізілуі барысы мен оларға қатысты құжаттарды жария етудің білікті заңгерлер сараптамасына ұсынылуы, дүние жүзі тарихы беттеріндегі мәселенің саяси негізін анықтаудағы кейбір тұстарын жүйелеуге де сүйенеді. Алматы Әсіресе, кеңестік қоғамдағы ұлттық қарама-қайшылық үрдісіне негізделген әскери тұтқындардың статусына қатысты нацистік Германия саясаты сипатын және неміс қауіпсіздік полициясының ерекше құрамы мен вермахт саясатын анықтауда әскери тұтқындар үшін берілген артықшылық статустарын сипаттау барысында қарастырады.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Әлемдік саясаттың негізгі мәселелерін жүйелеуде сүйенетін тұрақты актор мемлекеттің ұлттық саясат, ұлттық мүдде, ұлттық идеология мен мемлекет аумағында өмір сүретін ұлттар тағдырының геосаяси мүдделер жағдайын, күштер теке-тіресінің ара салмағының басты шешу сипатына айналуын анықтайтын реалистік және неореалистік басты парадигмалардың ауқымында

әскери тұтқындар мәселесін қарау жүзеге асады. Реалистік теорияның ауқымындағы қаралатын күштер балансы, қауіп-қатер балансы, кемелденген анархия, өркениеттер қақтығысының соғыс жылдарында адами факторға ықпалы тұтқын статусындағы болмысты анықтауда қаралады. Халықаралық қатынастардағы әскери қақтығыстар, «әскери қақтығыс» ұғымы және соғыс, халықаралық қақтығыстарды басқару мәселелері де тақырыптың жан-жақты сипатындағы мәселелерді тоғыстыра, реалистік теория өлшемдерімен ашылады. Идеологиялық кеңістіктегі соғыс салдарынан туындаған кеңестік әскери тұтқындарға қатысты «соғыс этикасы», мораль ұстанымдары қазіргі конструктивизм теориясы аясында бағдарланды.

Соғыс мәселесінің тарихи деңгейлігін анықтау, тарих-сараптау әдістері мен салыстырмалы әдістерді терең қолданумен жүзеге асты. Тарих-сараптау әдісі кеңестік қоғамдағы ұлттық қарама-қайшылық үрдісіне негізделген әскери тұтқындардың статусына қатысты нацистік Германия саясатының күрделілігі мен өзектілігін анықтауда қолданылды. Салыстырмалы әдіс мәселенің өткені мен бүгінін бағалаудағы ұстанымын ажыратуда тиімді болды.

Нәтижелері

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарының қазіргі тарихи сабағы, әсіресе еуропалық елдер аумағындағы адами фактордың құқықтың сипатымен өлшенетін әскери тұтқын мәселесінің саяси, құқықтық және мемлекетаралық мәселесін бүгінгі дара тәуелсіз елдер дамуы ұстанымында жаңартып, мәселенің шынайылығын, күнгейі мен көлеңкесін дара қарау міндеттерін тереңдетті.

Қазақстандағы мұрағаттардан алынған және аса құпиялығы әлі де сақталған құжаттарда айғақталатын және екінші дүние жүзілік соғыстағы кеңестік тұтқындарға қатысты нацистік неміс саясатының сол кезеңдегі кеңестік қоғамда қалыптасқан ұлттар мәселесіне негізделе жүргізілгенін айқындайды. Германиядан репатриациялаған және бұрын әскери тұтқын болған бұрынғы КСРО азаматтарына қатысты құжаттарда «Түркістан ұлттық легионымен» қатар, «Абвергруппа», «Зондерлагерь», «Солтүстік Кавказ легионы», «Большевизмге қарсы күрескерлер Одағы» секілді неміс тұтқындар лагерлерінің ұлттық құрылымдарынан келгендерге қатысты істер жеткілікті. Аталмыш құжаттар мазмұны кеңестік қоғамдағы ұлттық қарама-қайшылық үрдісін және әскери тұтқындардың саяси статусына сай қолданылған нацистік Германия саясатын негіздейді.

Соғысаралық жылдардағы кеңестер билігінің қарамағына кірген халықтарға қатысты өрескел асыра сілтеу саясаты орыс мәдениетін кеңес мәдениетімен бірегей ету бағытында құрылып, тілінен, дінінен, мәдениеті мен ғұрып-дәстүрінен айыру арқылы дүниетанымдық болмыстарын күйрете жүзеге асқаны белгілі [1]. Кеңестік үкіметтің көп ұлтты халықтарына қатысты ішкі идеологиясын тиімді пайдаланған Германия өзінің сыртқы саясатында «өмірлік кеңістіктерге иелік» ету теориясын геосаяси мақсатта жүзеге асыру бағытын, кеңестер билігін тұрақтандырудағы ұлттық идеологиялық қарама-қайшылығында құруды көздеген болатын [2]. Нацистік Германияның соғыс

қарсаңындағы осындай геосаяси стратегиясы соғыс уақытында тұтқынға түскен кеңестік азаматтарға қатысты әрекеттерде басты мақсатқа айналады.

Жалпы ғасырлардан келе жатқан соғыстар тарихының маңызды бетбұрысы 1899 және 1907 жылдардағы Гаага бейбіт конференцияларындағы соғыстар және әскери қақтығыстарды реттеу мәселелері жөніндегі халықаралық конвенциялардың қабылдануымен түбегейлі өзгергені белгілі. Соның ішінде, әскери тұтқындарға да қатысты міндеттер құрлық әскері заңдары мен ғұрыптары жөніндегі негізгі ережелермен реттеліп (1907 жылғы, 18 қазандағы, Төртінші Гаага конвенциясының қосымшасынан, II тарау, 4-20 баптар) құқықтық статустары анықталғаны да бар [3]. Сол уақытта аталмыш конвенцияға қол қойғандардың қатарында Ресей және Германия империялары да болады [4].

Патшалық Ресей, Уақытша өкімет тұсындағы халықаралық келісімдерге большевиктік биліктің қатынасы 1918 жылғы 30 мамырдағы «Халық Комиссарлары Кеңесі Мәлімдемесінде» анықталады. Аталмыш мәлімдемеге сәйкес 1918 жылдың 4 маусымында Халық Комиссарлар Кеңесі декрет қабылдап, Ресейлік Кеңестік үкіметтің барлық халықаралық конвенциялар мен келісімдер негізінің барлық құқықтар және артықшылықтарды сақтайтыны да мойындалады. Аталмыш құжатта нақты Гаага конвенциясы деген дара сілтемелер болмаса да, мәселе барлық халықаралық келісім, конвенцияларды меңзейтін.

Осы нақты еместіктің салдарынан туындаған әскери тұтқындарға қатысты жауласушы жақтың жағымсыз ұстанымдары да қалыптаса бастайды. Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі 47 мемлекеттің қатысуымен болған 1929 жылдың 1-27 шілдесі аралығындағы Женева халықаралық конференциясы барысында [5] қабылданған бірінші, әрекет етуші әскердегі жараланғандар мен науқастардың қатысуын жақсарту жөніндегі конвенциямен, екінші, әскери тұтқындарға қатысты конвенциялардың да қолданыстық аясының міндеттілік сипаты да кеңестік кереғар саясаттың халықаралық салдарын сипаттап, тұтқындарға қатысты мәселеге негіз болады [6]. Женева конференциясы жұмысына Кеңестер Одағы қатыспайды, соған сай әскери тұтқындарға қатысты Конвенцияға 1949 жылғы жаңа конвенцияға қабылдағанға дейін қол қоймайды. Осылайша, халықаралық құжаттарға сүйене, тарихи тағдырын кеңестер билігіндегі адами факторға қатысты ұстанымға сәйкес жүзеге асырған нацистік Германияның кеңестік әскери тұтқындарға қатысты азаптау амалдарының сұраусыз, ретсіз ақуалы, олардың тектік негізі қатысты жасалған сынақтарға сай жүзеге асқан әрекеттерге бастаған болатын.

1939-1945 жылдары фашистік Германия, Финляндия және басқа да еуропалық елдерде, Түркістан легионында болған қазақстандық әскери тұтқындар мәселесіне қатысты зерттеулер отандық ғылымда да терең зерттелуде. Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік ақуалы және соғысқа қатысты әскер жөнелту [7] және әскери тұтқынға түскен қазақ жауынгерлері және Түркістан легионына қатысты [8] мәселелері сараланған. Екінші дүние жүзілік соғыс тарихының дипломатиялық аспектілерін неміс мұрағаттары дерегі негізінде [9] және кеңес әскери тұтқындарын ұстауға

қатысты ұлтшыл билік бағыттарының саясатын саралау [10] және Шығыс легионының құрылу тарихының алғы шарттары мен мәліметтері [11] және Мұстафа Шоқай және Еуропадағы түркі эмиграциясы [12] тақырып мәселесін жан-жақты айқындауда негіз болады.

Талқылау

Кеңестер үкіметінің ұлттарға қатысты өрескел саясатымен сабақтасқан тарих беттері оның құрамында болған қазақтардың да қоғамдық болмысының тұралауына алып келді. Тіпті, екінші дүние жүзілік соғыс жылдары кеңестік жауынгер санатына майданға аттанып, тағдыры фашистік Германия, Финляндия және басқа да еуропалық елдерінде әскери тұтқын болумен ұласқан қазақстандықтардың тағдырында да осы идеологияның із қалдыруы орын алды. Соғыстан кейінгі майдангер санатына қосыла алмай, түрмелерден оралғаннан кейін де «сатқын» ретінде кеңестік қоғамның идеологиялық көзқарасында теріс көзқараспен бағаланған соғыс тұтқындары адами фактор, тұлғалық мораль болмыстарынан айырылған еді.

1941 жылдың жазында басталған соғыс қимылдарының салдары 88 млн тұрғыны бар ауқымды аумақтан айырылып қалумен қатар, олардың ішінде 2 млн әскерге енді шақырылғандар мен 73 млн тұрғынның оккупациялануына әкеліп соқтырған еді [13, б.223]. 1941 жылдың жаз-күз айларындағы әскери кампаниялардың басты нәтижелері, Эстония, Белосток-Минск, Смоленск-Рославль, Гомельден, Ильмень көлі, Великий Лук, Демянск аудандарын қамтыған кеңестердің жұмысшы-шаруа қызыл жасақтарының (РККА) тұтас майдандары мен әскерлерін қоршауда қалдырды. Неміс әскери құрылымдары қоршауда қалған аймақтарда 900 000 адамның тұтқынға алынғанын, кейіндері Киев түбіндегі, Брянск және Вязьмадағы қоршаулардан соң жылдың соңында 2 300 000 адамды тұтындағандарын мәлімдеп жатады [14]. Тұтқындардың арасында ерекше санат «хиви» деген атау алғандар (Hilfswilligen-ерікті көмекшілер) неміс әскери бөлімшелерінде көмекші қызметшілер ретінде пайдаланылады, 1943 жылдары олардың саны 400 000 жуық болады [15, б.32–33]. Олар немістермен кеңестік «ынтымақтасушылар» арасында ең көп санатты құрай, барлық майдандарға қол жетімділікте болады.

Соғысаралық жылдардағы Кеңестер Одағы халықтарының тағдырына қатысты солақай шешімдерін нацистік жүйенің терең барлауы, КСРО аумағын Германия басқыншылары жаулап алғаннан кейінгі уақытта өзінің нәтижесін көрсетеді. Национал-социалистік неміс жұмысшы партиясының сыртқы саяси басқармасы (Nationalsozialistische Deutsche Arbeiterpartei -NSDAP) және германдық арнаулы қызметі Кеңестер Одағының мемлекеттік жүйесін зерттей келе, азербайжандық, грузиндік, солтүстіккавказдық және түркістандық ұлттық ұйымдар қызметіне қатысты мәліметтер жинайды. Осы бағытта Германияда ғылыми-зерттеу мекемелері мысалы, Кенигсбергте «Шығысты зерттеу институты» құрылып, жұмыс істейді. Германия КСРО оккупацияланған аумақтарындағы мұсылман тұрғындары арасында да үгіт-насихат ұйымдастырады. Әсіресе, Қырымдағы қырым татарлары арасындағы үгіт

мазмұнында нацистер ислам дініне қамқорлық орната, мешіттер ашуға рұқсат беретіндерін насихаттайды. Мұсылмандардың мінәжат үйлері және Киев қаласында ірі мешіт, Минскідегі «белорус татарлары муфият өкілдігі» мекемелері осындай қолдау жағдайында ашылады. Діни орталық өкілдері, 1942 жылы немістер қолдауымен құрылған «Түркістан комитетіне» қарасты «Муллашуле» мұсылман діни мектебінде кеңестік билікке қарсы белсенді насихат жүргізеді. Аталмыш діни орталықтарынан сауат ашқан дәстүрлі мұсылман халықтары өкілдері Кеңестер жүйесіне қарсы идеологиялық құрал, нацистердің ынтымақтастық (коллорабиялық) органдары ретінде жұмыс жүргізеді. Олар 1942 жылдан бастап, кеңестік әскери тұтқындардың «легионлер» лагерлерінде Германиямен одақтағы дәстүрлі мұсылман халықтарынан шыққандарға «кәпірлерге қарсы қасиетті соғысқа» (яғни, Кеңестер Одағына қарсы) шақырған [16, б. 262].

Түркі халықтарына бағытталған неміс насихаты әскери тұтқындар арасында кеңінен тарап, Үшінші Рейхте бірнеше түркілік ұйымдар құрылады. Түркі тектес халықтардан шыққан ұйымдарға, оның ішінде «Түркістан легионына» да немістердің қолдауындағы діни орталықтарынан молдалар жіберіліп, легиондағыларға күнделікті намаз оқуды белгілейді. Осылайша, нацистер ислам дінін «легионерлерге» арналған және олардың арасындағы кеңестерге қарсы прогермандық насихат құралы ретінде қолданады. Қазақстандық әскери тұтқындар арасында кең тараған түркі тектес халықтардан шыққандарды «Түркістан ұлттық комитетіне» тарту арқылы, легионның еріктілері санатын жабдықтау саясаты мақсаты «Түркістанды азат ету жолындағы күрес» ретінде түсіндіріледі. Осы комитет жанынан құрылған «Түркістан ұлттық жазушылар бірлестігі» өз алдына «большевиктердің орыс империализмінен» түркі халықтарын азат етуді мақсат етеді. Түркі тектес халықтардан шыққан әскери тұтқындар арасындағы азербайжан ұлты өкілдерін тартқан «Азербайжан ұлттық комитеті» және татар-башқұрттардан тұрған «Идель-Урал комитеттерінде» де, басылымдар ұйымдастырудың, діни үгітті және діни мінәжатты, әскери шендер беруді жігерлендіру арқылы насихат бағыты күшейеді [17, б.61–62].

Кеңестік жүйедегі ұлттар мүддесіне негізделген қарама-қайшылықты кеңестік әскери тұтқындар арасында кеңінен қолдану, екінші дүние жүзілік соғыстағы түркі халықтарымен ынтымақтастықтың шынайы келешегі кеңес-герман майдандасуының Кавказ және Қазақстаннан батысқа кері қайтуы жағдайында елеске айналады [18, б. 59]. Кавказ, Калмық, Қырым халықтарынан шыққандарға қатысты әскери ынтымақтастық насихаты соғыстың шешуші кезеңінде кеңестік әскери тұтқындарға қатысты ғана жүргізіледі.

Герман үкіметі негізін әскери тұтқындардың түркі және кавказ тектес халықтардан шыққан комитет құрамымен әскери ынтымақтастықты ары қарай әскери тұтқындар үшін берілген артықшылық статусын қолдану ретінде дамытады. 1943 жылы вермахт саясаты құрамына түркістандық, азербайжандық және еділ-татарларының төрт батальоны кірген неміс қауіпсіздік полициясының ерекше құрамының (СС) «Жаңа Түркістан» дивизиясын жабдықтайды. Бұл

дивизия Белоруссияға түсіріліп, соңынан Варшава көтерілісін басуға қолданылады. 1944 жылдың қазанында дивизия Словакияға жөнелтілген кезде өзара бүліктің орын алуымен словак партизандарына қосыла шашырап кетеді. [17, б. 67–68]. Батыс майданда «түркістандық», «кавказдық» бөліктер КСРО одақтастарымен талқандалып, сенімсіздік себептерімен герман билігі тарапынан таратылады. Француз жерлерінде герман әскері талқандалуынан кейін ынтымақтасушылардың көп бөлігі әскери бекіністер құрылысына жөнелтіледі. 30 000 жуығы одақтастардың тұтқынына түседі.

Әскери ынтымақтастықта болғандарды арнайы лагерлерге жөнелту арқылы, кеңес жүйенің «сатқындар» санатында қабылдаған кеңестік әскери тұтқындардың кейінгі тағдыры, оларды арзан жұмыс күші ретінде пайдалану және Қызыл Әскердің құрылымдарынан ешқандай фильтрациялық тексерістен өтуге мүмкіндік бермеу секілді шаралармен айыптайды. Оларға қатысты КСРО Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) дерективаларда Түркілік комитет құрамы іспетті бірлестіктердің қатарында, әскери ынтымақтастықта болған «Орыс азат ету әскері», «Халық жасағы», «Халық милициясы» секілді құрылымдарда болғандар да көрсетіліп, бірнеше категорияларға бөлінеді. 1943 жылдан бастап, соғыстан кейінгі жылдарда да «Отанға сатқындық жасағандарды» жазалайтын РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабының тармақтарына сәйкес, әскери тұтқындарға қатысты сот үдерістері Кеңестік республикалардағы әскери тергеу мекемелерінде жүріп жатады.

Қорытынды

Екінші дүние жүзілік соғыстың табиғатын анықтайтын әскери тұтқындар мәселесі феномені, жер тұрғындарының соғыс салдарынан жиырма миллионға жуығының тұтқынға түсіп, соғыс тауқыметінен зардап шеккен шексіз зардабының орын алуы қашанда тарих таразысында. Мәселе халықаралық гуманитарлық құқық, жеке адам құқығы, әскери тұтқындар тағдырының дипломатиялық құжатнамалардағы сипатталу деңгейіне қарай бағалауды да қайта қарауды талап етеді. Адами фактордың маңыздылығы, соғыс тәлкегінен әскери тұтқын статусына түскен азаматтардың іс-әрекетіне, адами ресурстық потенциалына қатысты мемлекеттік шаралар мен халықаралық құжаттарды қабылдау үдерістерінің қажеттілігін анықтау тақырып нысанасын кеңейтеді.

Қазіргі жаһандық геосаяси мүдделер теке-тіресі, Польша-Белоруссия шекарасындағы көші-қон дағдарысының орын алуы, Украинадағы саяси тұрақсыздық және Ресейдің сыртқы саясатына қатысты жаһандық ұстанымдар, Польшаға украин азаматтары көші-қоны ақуалы жағдайы шиеленісуі тақырып бағыты тарихи негізінің бүгінгі геосаяси үдерістермен де сабақтасуына ықпал етуде. Осылайша, уақыт өлшемімен араласқан мәселенің қарары ауқымды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Докладная записка Института языка и письменности народов СССР. 25 февраля 1941 г. // ЦК ВКП(б) и национальный вопрос. Кн. 2: 1933–1945. - М., 2009.

[2] Хаусхофер К. О геополитике: Работы разных лет. - М., 2001.

[3] Convention (IV) respecting the Laws and Customs of War on Land and its annex: Regulations concerning the Laws and Customs of War on Land. - The Hague. - 1907. - 18 October // URL: <http://www.icrc.org/ihl.nsf/WebSign?ReadForm&id=195&ps=P>. Accessed 12.05.2022.

[4] Законы и обычаи войны. Важнейшие международные конвенции. - М., 1942. - С.7-10.

[5] Женевская конвенция от 12 августа 1949 года об обращении с военнопленными // URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/geneva_prisoners.shtml. Accessed 12.05.2022.

[6] Конасов В.Б. Судьба немецких военнопленных в СССР: дипломатические, правовые и политические аспекты проблемы: очерки и документы. - Вологда, 1996. - С.20-22.

[7] Алдажуманов К.С. Казахстан в период ВОВ Советского Союза // 70 лет Победы в Великой Отечественной войне: подвиг народа и уроки истории. – Москва: МГУЗ, 2015. – С.116-123.

[8] Алдажұманов Қ.С. Тұтқындағы қазақ жауынгерлері және Түркістан легионы (1941-1945 жж.) // Отан тарихы. - 2016. – № 4 (76). – Б. 41-59.

[9] Кокебаева Г.К. Материалы германских архивов как источники изучения дипломатических аспектов истории второй мировой войны // Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихы: жаңа деректер және интерпретациялар / ред. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2017. – С.60-65.

[10] Кокебаева Г.К. Основные направления политики нацистских властей по содержанию советских военнопленных // Всемирная история и международные отношения в Евразии в свете современной интеграции и модернизации. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С.52-57.

[11] Кокебаева Г.К. Из истории создания восточных легионов: предпосылки и статистика // Вестник КазНПУ, серия «Исторические и социально-политические науки». – 2019. – № 1. – С.89-97.

[12] Көкебаева Г.К. Мұстафа Шоқай және Еуропадағы түркі эмиграциясы // Ұлы дала тарихы: тарихтан қазіргі заманға дейін // Халықаралық Еуразиялық форумның материалдары. 1-том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. – Б.142-148.

[13] Россия и СССР в войнах XX века. Книга потерь. - М., 2010. - С. 223.

[14] Streit C. Keine Kameraden. Die Wehrmacht und die sowjetischen Kriegsgefangenen 1941-1945. - Stuttgart: Deutsche Verlags-Anstalt, 1978.

[15] Меженько А.В. Военнопленные возвращались в строй // Военно-исторический журнал. - 1997. - С. 32–33

[16] Гилязов И. Легион «Идель-Урал». Представители народов Поволжья и Приуралья под знаменами «Третьего рейха». - Казань, 2005. - С. 262.

[17] Романько О.В. Мусульманские легионы третьего рейха. Мусульманские добровольческие формирования в германских вооруженных силах (1941 – 1945) Симферополь, 2002. - С. 61–62.

[18] Romuald M. Musiunas and Rein Taagepera, the Baltic states: years of Dependence 1940-1990 (Expanded and Updated edition). - Berkeley-Los Angeles: University of California press, 1993. - P. 59.

REFERENCES

[1] Dokladnaia zapiska Institutu iazyka i pismenosti narodov SSSR. 25 fevralä 1941 g. [Report of the Institute of Languages and Letters of the Peoples of the USSR. February 25] //SK VKP(b) i nasionälnyi vopros. Kn. 2: 1933–1945. M., 2009.

[2] Haushofer K. O geopolitike: Raboty raznyh let [About geopolitics: Works of different year]. M., 2001.

[3] Convention (IV) respecting the Laws and Customs of War on Land and its annex: Regulations concerning the Laws and Customs of War on Land. The Hague, 18 October 1907 // <http://www.icrc.org/ihl.nsf/WebSign?ReadForm&id=195&ps=P/> Accessed 12.05.2022.

[4] Zakony i obyčaj vojny. Vajnejšie mejdunarodne konvensii [Laws and customs of war. The most important international conventions]. M., 1942. S.7-10.

[5] Jenevskaia konvensia ot 12 avgusta 1949 goda ob obrašenii s voenoplennymi [Geneva Convention of August 12, 1949 on the treatment of Prisoners of War] // [URL:http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/geneva_prisoners.shtml](http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/geneva_prisoners.shtml). Accessed 12.05.2022.

[6] Konasov V.B. Sud'ba nemeskih voenoplennyh v SSSR: diplomatičeskie, pravovye i političeskie aspekty problemy: očerki i dokumenty [The fate of German prisoners of war in the USSR: diplomatic, legal and political aspects of the problem: essays and documents]. Vologda, 1996, S. 20-22.

[7] Aldajumanov K.S. Kazahstan v period VOV Sovetskogo Soiuza // 70 let Pobedy v Velikoi Otechestvennoi vojne: podvig naroda i uroki istorii [Kazakhstan in the period GMW Soviet Union // 70 years of Victory in the Great Patriotic War: the feat of the people and the lessons of history]. Moskva: MGUZ, 2015, S. 116-123.

[8] Aldajumanov Q.S. Tutqyndagy qazaq jauyngerleri jane Turkistan legiony (1941-1945 jj.) [Captive Kazakh soldiers and the Turkestan Legion (1941-1945)] // Otan tarihy, 2016, No. 4 (76). – B. 41-59.

[9] Kokebaeva G.K. Materialy germanskikh arhivov kak istočniki izučenia diplomatičeskih aspektov istorii vtoroi mirovoi vojny // Ekinshı dunieuzılık sogystyñ tarihy: jana derekter jane interpretasiar [Material of German archives as sources of study of diplomatic aspects of the history of the Second World War // History of the Second World War: new facts and interpretations] red. E.B. Sydyqov. – Astana: L.N. Gumilev atyndagy EEU baspasy, 2017. – S. 60-65.

[10] Kokebaeva G.K. Osnovnye napravleniia politiki nasistskikh vlastei po soderžaniu sovetskikh voenoplennyh // Vsemirnaia istoria i mejdunarodne otnosheniia v Evrazii v svete sovremennoi integrasii i modernizatsii [The main directions of Nazi power policy on the maintenance of Soviet military // World History and international relations in Eurasia in the light of modern integration and modernization]. Almaty: Qazaq universiteti, 2018, S. 52-57.

[11] Kokebaeva G.K. Iz istorii sozdaniia vostochnykh legionov: predposylki i statistika [From the history of the creation of the Eastern Legions: background and statistics] // Vestnik KazNPU, seria «İstoricheskie i sosiälno-političeskie nauki». – 2019, No.1, S. 89-97.

[12] Kokebaeva G.K. Mustafa Choqai jane Europadagy turkı emigrasiasy // Uly dala tarihy: tarihtan qazırgı zamanga deın: Halyqaralyq Eurazialyq forumnyñ materialdary. 1-tom / Jalpy red. basqarğan E.B.Sydyqov [Mustafa Shokai and Turkic emigration in Europe // History of the Great Steppe: from history to modernity]. Nur-Sultan: L.N. Gumilev atyndagy EEU, 2019. B.142-148.

[13] Rosia i SSSR v voinah XX veka [Russia and the USSR in the wars of the twentieth century]. Kniga poter?. M., 2010, S. 223.

[14] Streit C. Keine Kameraden. Die Wehrmacht und die sowjetischen Kriegsgefangenen 1941-1945. — Stuttgart: Deutsche Verlags-Anstalt, 1978.

[15] Mejenko A.V. Voenoplennye vozvrašalis v stroi // Voeno-istoricheski jurna [Prisoners of war were returning to service. Military History magazine]. 1997, P. 32–33.

[16] Gilazov I. Legion «Idel-Ural». Predstaviteli narodov Povalja i Priurala pod znamenami «Tretego reiha» (Legion "Idel-Ural" [Representatives of the peoples of the region and the region under the names of the "Third Reich"]), Kazan, 2005, S. 262.

[17] Romanko O.V. Musülmanskie legiony tretego reiha. Musulmanskie dobrovjčeskie formirovaniia v germanskikh voorujennyh silah [Muslim legions of the Third Reich. Muslim volunteer formations in the German Armed Forces (1941 - 1945)]. Simferopol, 2002, S. 61–62.

[18] Romuald M. Musiunas and Rein Taagepera, the Baltic states: years of Dependence 1940-1990 (Expanded and Updated edition), Berkeley and Los Angeles, university of California press, 1993, P. 59.

ПРОБЛЕМА НАЦИОНАЛЬНОГО ПРОТИВОРЕЧИЯ В СОВЕТСКОМ ОБЩЕСТВЕ В ПОЛИТИКЕ ВОЕННОПЛЕННЫХ НАЦИСТСКОЙ ГЕРМАНИИ

*Исова Л.Т.¹

*¹к.и.н., доцент кафедры международных отношений и мировой экономики КазНУ имени аль-Фараби, г.Алматы, Казахстан, e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается вопрос о национальных противоречиях в советском обществе в отношении политики гитлеровской Германии к военнопленным. Данное исследование проводится в рамках цикла темы по проблеме военнопленных казахстанцев в составе Туркестанского легиона в 1939-1945 гг. в гитлеровской Германии, Финляндии и других европейских странах.

Изучение политики нацистской Германии в отношении советских военнопленных во время Второй мировой войны, основывается на анализе на архивных и до сих пор засекреченных документов в Казахстане, и на материалах касательно вопросов этнической принадлежности в советском обществе того времени. Документы, касающиеся бывших граждан СССР, репатриированных из Германии и содержащихся в качестве военнопленных, включают дела, касающиеся членов Туркестанского национального легиона, а также национальных структур немецких концлагерей, таких как «Абвергруппа», «Зондерлагерь», «Северо-Кавказский легион» и «Союз борцов с большевизмом». Содержание этих документов обосновывает процесс национального конфликта в советском обществе и политику нацистской Германии, которая применялась в соответствии с политическим статусом военнопленных.

Ключевые слова: военнопленные, война, конвенции, нацистская идеология, легион, национальный комитет, национальный конфликт.

THE PROBLEM OF NATIONAL CONTRADICTION IN THE SOVIET SOCIETY IN THE POLICY OF WAR-PRISONERS OF NAZI GERMANY

*Issova L.T.¹

*¹candidate of Historic Sciences, Associate Professor of the Department of World Economy, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: tanirbergenlaura@gmail.com

Abstract. The article focuses on contradictions of Soviet society in relation to the policy of Nazi Germany towards prisoners of war. This research is carried out as part of frame studies of Kazakhstan prisoners of war as part of the Turkestan Legion from 1939 to 1945, particularly in Nazi Germany, Finland, and other European countries.

The study of the policy of Nazi Germany towards Soviet prisoners of war during the Second World War is found on the analysis of archives and declassified documents in Kazakhstan, and on the documents regarding issues of ethnicity in the Soviet society of that time. Documents accepted by former citizens of the USSR, repatriated from Germany and sovereigns as prisoners of war, include case files accepted by members of the Turkestan National Legion, as well as a special structure of concentration camps, such as the Abwehrgroup, Sonderlager, North Caucasian Legion and Soyuz fighters against Bolshevism. The content of these documents substantiates the process of social

conflict in Soviet society and the investigators of Nazi Germany, which was held accountable in accordance with the collective status of prisoners of war.

Key words: prisoners of war, war, Nazi ideology, legion, national committee, national conflict.

Статья поступила 17.05.2022